

ОӘК 376017

ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Озат Ақниет

akniet_shah@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, МҚТӘ-23 ,Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қасқабасов С.А. , ҚР ҰҒА академигі

Қара өлең құрылысы, өлшемі туралы ең әуелі нақты пікірлер айтқан зерттеуші ғалымдар - Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Қ. Жұмалиев, Б.Уахатов, З. Ахметов, А. Сейдімбеков, С. Ақатаев, А. Оразақын - әр кезеңдерде қара өлең туралы құнды еңбектер жазды.

XX ғ. 50-80 жылдар аралығында қара өлең туралы құнды пікір айтқан адамдар – М. Әуезов, З. Ахметов, Б. Уахатовтар еді.

Осы саладағы тың ізденістердің бірі А.Н.Веселовскийдың «әр түрлі халықтар фольклорындағы мотив ұқсастықтары образды формулалар қоғамдық жайдың біркелкілігінен туып, қалыптасқан. Көркемдік ойлау жүйелерінің бір сарынды, ұқсастығын, психологиялық әрі тұрмыстық өмірдің бірдейлігімен түсіндіруге болады [1,6].» деген ойын басшылыққа ала отырып Бекмұрат Уахатовтың 1983 жылы жарық көрген «Тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу» еңбегі өте құнды дүние болып табылады. Бекмұрат Уахатов аталған еңбегінде: «А.Н.Веселовский, В.М.Жирмунский, В.Я.Пропп, Б.Н.Путилов нақтылы зерттеу жұмыстарында жалпы методологиялық міндеттер мен жаңалықтарды шебер пайдалана білген. Біздің алдымызда тұрған аса жауапты да күрделі парыз- аталған ғалымдардың осы методологиялық зерттеу тәсілін қазақ топырағына сіңіріп, күнделікті іс-тәжірбиемізде соны жетілдіре беру»[2.152]– дейді.

Бұл үрдісті жалғастыра келе, қазақ өлеңінің жанрлық жүйесін түбегейлі арнайы талдап зерттеген Бекмұрат Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» атты еңбегінде қара өлеңге арнайы тоқталады. Өзіне дейінгі зерттеушілердің еңбектерін шолып өтіп, кезінде Ш. Уәлиханов жіктеген үш ерекшелікке ғалым қара өлеңнің басқа да қасиеттерін ажыратып келтірді. Ол ерекшеліктер мыналар:

1. Қара өлеңнің құрылысы қашанда он бір буынды, төрт тармақты болады;

Ұшады көк ала үйрек көлге қарсы,

Ұясы жануардың желге қарсы.

Көрген соң сәулем сені тұра алмадым,

Талпынған балапандай жемге қарсы.

2. Осы өлеңнің бірінші, екінші, төртінші жолдары ұйқасады да, үшінші жолы ұйқаспай бос қалады;

Айналайын көзіңнен көлгірім-ай,**а**

Тас бұлақтың суындай мөлдірім-ай.**а**

Шаршы топтың ішінен таңдап алған,**б**

Асқар таудай айшықты белгілім-ай.**а**

3. Қара өлеңнің әр шумағында жеке бір ой (идея) айтылады;

4. Әр шумақтың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады;

5. Қара өлең көбінесе жұртқа таныс, көп құлағына сіңген, жарым жартысы жаттамалы жолдардан, теңеу, салыстырудан тұрады;

6. Қара өлең ойын-сауық үстінде айтылатын болғандықтан, мұнда үлкен, күрделі мәселелер қозғалмайды. Тек жиналған жұртты көңілдендіріп, күлдіруді көздейді.

7. Қара өлеңнің қосалқы жолдары негізінен халықтың тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрып, жора-жосығынан туған түсініктерді арқау етіп, табиғат дүниесін суреттейді;

8. Қара өлең қалың көпке әбден мәлім ән әуенімен орындалады. Сондықтан белгілі бір мелодия сазына кез келген қара өлеңді ыңғайлап айта беруге болады. Бұл ерекшеліктерден біз, әрине, қара өлеңнің сипаттарын дәл айыра аламыз. Дегенмен олардың ішінде күмән тудыратыны да аз емес. Жиырма жыл өткен соң, зерттеуші А. Сейдімбеков қара өлеңге байланысты жарыққа шыққан еңбегінде Б.Уахатовтың осы жазған кейбір ерекшеліктерін (атап айтқанда төртінші алтыншы, сегізінші) сынға алады. Күмән келтіретін деген төртінші ерекшелікке байланысты ой «астар, емеурінге» байланысты айтылған болатын дей келе, Б.Уахатов мағынасыз деп қарастырған қара өлең жолдарына өте ұтымды талдау жасап өтеді.

Ендеше езек-безек, езек-безек,

Бөрнекейдің бойынан тердім тезек,

Төртеу ара келіпті бір шыны шай,

Кел төртеуіміз ішейік кезек-кезек.

Ал, енді «Бөрнекейдің бойынан тердім тезек»– деген жолға келер болсақ, «езек-безек» сөзінің мәнін ұққан адам сол жерде мұның астарлы мағынасын жазбай таниды. Төрт адамның ортасында жалғыз кесе безек қаққан үйдің дастарқаны да мәз бола қоймайтыны аян. Яғни «...тердім тезек» деп отырғаны – дастарқан үстінде қадау-қадау шашылып жатқан не құрт-ірімшікті немесе бауырсақты меңзеп отыр [3,59]. Ал осы мәселеге байланысты белгілі өлеңтанушы ғалым З.Ахметов мынай пікір білдіреді: «Қара өлең түріндегі төрт тармақты жеке шумақтарда алғашқы екі жолдың негізі айтылатын ойға кейде тікелей байланысты болмайтыны белгілі. Бірақ осыны айтқанда бір-екі жайды мұқият ескеру керек. Алдымен, мұның өзі өлең шығарудың көне түрі, әрі көбіне әнмен айтылатын өлеңдерде кездеседі. Өнге салып айтқанда бұл пәлендей ойсырап тұрған кемшілік болып саналмайды. Онан соң мұндай ұйқас үшін, шумақ құруға дәнекер үшін алынатын жеке жолдар, әдетте, ауыл арасында, ойын-тойда айтылатын талапкер жастардың өлең-жырларында кездеседі, ал шынайы жүйрік ақындарға тән нәрсе емес. Сондықтан осындай құрама шумақ қолдану бүкіл қазақ поэзиясында орын алған деу дұрыс емес. Тағы бір айта кетер нәрсе-басқы екі тармақ негізгі оймен тікелей байланысты болмағанмен, олардың арасында қалайда бір әсер жалғастығы секілді жуықтық болуы да ықтимал. Мысалы:

Қолымда бір қамшым бар мойнақтаған,

Бәйгеден бір ат келеді ойнақтаған.

Көрмегелі көп айдың жүзі болды.

Көзіңнен айналайын жайнақтаған.

Сырт қарағанда осындағы алғашқы екі жолдың негізгі ойға ешбір қатысы жоқ сықылды. Бірақ екінші тармақ жайлы осылай десек те, бірінші тармақ туралы мұны айту дұрыс емес. Жігіттің басқа ауылдан келіп, көптен көре алмай сағынған қызын кездестіргенін еске алсақ, оның атпен келгені, қолында қамшысы барын тектен-тек айтыла салмағаны байқалады. Жігіттің атпен жүргенін, қамшысының сәнді, әшекейлі екенін өлеңге қосуы қисынсыз деуге болмайды». [4.185]

Ал, алтыншы ерекшелік туралы Ақселеу Сейдімбек: «Б. Уахатов анықтамасындағы «алтыншы – қара өлең ойын-сауық үстінде айтылатын болғандықтан, мұнда үлкен, күрделі мәселелер қозғалмайды. Тек жиналған жұртты көңілдендіріп, күлдіруді көздейді»– деген пікірімен, әрине, келісу қиын. Біріншіден, қара өлеңнің де қара өлеңі

бар. Терең философиялық талғамды халық даналығының айғағындай етіп түйіп тастайтын шумақтардан бастап өмірдің мәні мен сәніне қатысты кемеңгер ойларды мойындата айтатын қара өлеңдерді қалайша ойын-сауықтың жеңіл, бос қылжағына қиюға болады» - деп жазады [3,43]. Қара өлеңнің ерекшеліктерін негізге ала отырып, А. Сейдімбеков өз еңбегінде қара өлеңнің сегіз ерекшелігін сұрыптап ұсынады. Олар:

1. Қара өлең міндетті түрде он бір буынды, төрт тармақты болып келеді;
2. Қара өлең міндетті түрде а-а-б-а түрінде аралас ұйқасады;
3. Қара өлеңнің тақырып аясы өмірдің өзіндей шексіз болғанымен, әр шумаққа белгілі бір ой арқау болып отырады. Ол ой – жиын-тойдағы жеңіл әзіл-оспақтан бастап, өмірдің мәні мен сәніне, ел қамы мен халық тағдырына дейінгі кесек тақырыптарды тілге тиек ете алады;
4. Қара өлеңдегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті формада, силлогизм тәсілімен айтылады. Мұндайда өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой дәстүрлі ұғым жүйесі бойынша екінші бір ойдың образдық, символдық, емеуріндік айғағы немесе шендестірілген постулаттық негізі болып отырады да, сол ой-айғақ өлеңнің үшінші және төртінші жолында айтылар тоқ етер түйін идеяға қызмет етіп отырады;
5. Қара өлең міндетті түрде созымалы немесе қоңыр әнге салынып айтылады. Бірақ бірде-бір қара өлеңнің тұрақты әні болмайды. Әркім өзінің дауысына лайықты әнге қалаған қара өлеңін салып айта береді. Мұның өзі қара өлең айту дәстүрінде әннен гөрі сөздің, ой-ниет білдірудің негізгі міндет атқаратынын білдіреді
6. Әр әннің ырғақтық ерекшеліктеріне орай қара өлең тармақтарындағы бунақтар орын ауыстыра береді. Мәселен, «Елім-ай» әнінің өлеңіндегі бірінші тармақ «Басынан Қаратаудың көш келеді» деп айтсақ, "Елім-ай" әніне салуға үйлеспес еді. Сондықтан да әр әннің ырғақтық ерекшеліктеріне орай қара өлең бунақтары да орын ауыстыра береді. Тек ұйқасатын бунақтар ғана тұрақты болады.
7. Қара өлеңнің тұрақты қайырмасы болмайды. Бірақ әнге салып айту барысында міндетті түрде қайырмасы қоса айтылады. Қара өлең қайырмасы, формасы жағынан алуан түрлі болып, ұдайы негізгі ой-ниеттің мәнін аша түсуге эмоциялық қуатын арттыруға қызмет етіп отырады.
8. Қара өлеңнің жұрт талғамымен сұрыпталған асыл үлгілері ауыздан-ауызға тарап, көптің жадында жүргенімен, өмірдің мың сан жағдайына орай ел ішінде ұдайы тыңнан туындап жатады» [3. 67].

Біз осы тақырыпты зерттеу барысында қазақ өлең жүйесінің поэтикасына арналған еңбектердің аз екендігіне көзімізді жеткіздік. Солардың ішінде проф. З.А. Ахметовтың «Қазақ өлеңінің құрылысы», «Қазақ поэзиясының тілі», «Өлең сөздің теориясы» атты еңбектерін бөліп атауға болады. Әрине, мұның өзі де бірыңғай фольклор туралы емес.

Тағыда бір назар аударатын жайт ол—этнографтанушы ғалым Қадыр Жұмақанұлының қара өлеңді: Құтты өлең, үлкен өлең барлық өлеңдердің шыққан тегі деп қарастыруы, болашақта зерттеуді қажет ететін мәселе деп ойлаймыз.

Зерттеуші—ғалым Оразақын Асқар өзінің «Қара өлең» еңбегінде қара өлеңнің: «Өлең туралы өлең, амандасу-танысу өлең, той бастар, наурыз өлең, тәлім өлең, шежіре өлең, жер-су өлең, табиғат көріністері, ауыл өмірінен, тау өлең, қымыз өлең, жұлдыз өлең, балық өлең, көші-қон өлең, қамшы өлең, домбыра өлең, базар өлең, адам жасы туралы өлең, дүние-ғұмыр өлең, кәрілік өлең, кедейлік өлең, зағиптың зары, жыл өлең, ғашықтық-сүйіспеншілік өлең, хат өлең, шариғат өлең, жарапазан өлең, жұптыр өлең, жігіт өлең, қыз өлең, аужар өлең, сыңсыма өлең, сарын өлең, келін өлең, қайым өлең, аңшылық өлең, аңшы мен-қыз өлең, шай өлең, қойшы мен қыз өлең, құдаша мен құда бала өлең, қонақ пен қыз өлең, бойдақ пен бойжеткен өлең, жолаушы мен қыз өлең, бәдік өлең, түлік өлең, ойын өлең, жұмбақ өлең, өтірік өлең, қайырма өлең» түрлеріне бөліп, екі мыңға жуық өлең нұсқаларын жариялаған.

Ерте заманда қара өлеңнің кезектесе айтылатын түрі көп болған. Бұл қара өлеңнің түрлерінің біразына А. Сейдімбеков еңбегінде М.Әуезовтің келтірген классификациясы

бойынша береді. Олар тақырыбына қарай «Тау өлеңі», «Жер өлеңі», «Ата өлеңі», «Шай өлеңі», «Су өлеңі», «Ет өлеңі», «Қоштасу өлеңі»– деп бөліне береді.

Осы сияқты қара өлең түрлеріне «Жөн сұрасу өлеңі» және жоғарыда айтылған «Амандасу өлеңі» де жатады. «Жөн сұрасу өлеңі» атқаратын функциясы бойынша да, рәсімі бойынша да «амандасу өлеңіне» ұқсас келеді.

Мәселен, жиын-той, отырыстарда ұшқыр ойлы бір өнерпаз «Амандасу өлеңін»:

Құндыздап киген киім жағаларын,
Тәңір артық жаратқан саналарын,
Көп айлар, көрмегелі көп күн болды,
Аман ба ақыл айтар ағаларың [5, 36].

– деп, бастап әуелі ағалармен амандасады. Дастарқан басында отырған ағаларынан жауап алған соң, осы үлгі бойынша өлеңге туған-туыс, жекжаттарын қосып, барлығымен амандасып шығады.

Әдетте дәстүр бойынша адамдар амандасып болған соң жөн сұрасады. «Жөн сұрасу» өлеңі үлгілерін де А. Сейдімбеков өз еңбегінде орындалатын рәсімі бойынша суреттейді.

Мәселен:

Жүргенде қараңғыда түн болады,
Жорытқан жер көкше қоян жүн болады.
Адамға жөн сұрасу парыз екен,
Әуелі өз аттарың кім болады? [5, 36]

– десе, қонақтар жағы:

Ауылың алыста жүр, жақында жүр,
Ақша қар жауайын деп бұлыттап тұр.
Қалқатай, сен сұрасаң, мен айтайын
Айтолқын менің атым, ұмытпай жүр» [5, 37] – деп, жауап берген.

Осы өлең нұсқаларына қарап ерте заманда қазақ мәдениетінде ауызша өнер – қара өлең қандай орын алғандығы туралы айтуға болады. Зерттеушілердің «қара өлеңді көбінесе жастар орындаған» деген сөздерінің мағынасы да бар. Себебі ертеректе жас-кәрісіне қарамай ұшқыр ойлы, тілі шешен, өнерлі адамдардың бәрі де өлең ұйқастыра білген. Тіпті шай ішіп отырып та алдындағы астарына өлең арнаған. Мұндай мысалдарды қара өлеңге арналған жинақтардан кездестіруге болады. Мысалы, төмендегі келтіріп отырған өлең шумағы дастарқан басындағы шайға арналған:

Ендеше, езек-безек, езек-безек,
Бөрнекейдің бойынан тердім тезек
Төртеуара келіпті бір шыны шай
Кел төртеуіміз ішейік кезек-кезек [5, 58].

Бұл – «шай өлеңінің» бір ғана нұсқасы. Тақырыбына қарай қара өлеңдер осылай аталған. Қара өлеңнің тақырыбы жайлы жазушы А. Сейдімбеков терең зерттей келе: «Қара өлең – өмір тіршілігіміздің барша қасиетін әсерлі көрсетіп келе жатқан икемді де өміршең жанр» – дейді [3,10].

Қара өлең халықпен бірге туып, бірге жасап келе жатқан соң, тақырыбыжағынан кең өріс алуы да заңды. Бұл жайлы ғалым Сәбетқазы Ақатаев өзінің «Інжу маржан секілді» атты жинағындағы қара өлеңге арналған тарауында: «Қара өлең өз шама-шарқы жеткенше дүние кілтін ашуға талпынады, кейде ашып та тастайды» – деген пікір келтіреді [6,112].

Автор бұл тарауда қара өлеңнің мән-мазмұнына көп көңіл бөледі. Мағынасы жағынан қара өлеңді 3 категорияға: «дүние», «жақсы», «жаман» және үш топқа бөледі: философиялық, этикалық және лиро-философиялық.

Расында да қара өлеңнің ой-тақырыбы өмір-тіршілігіміздің барлық саласын қамтыған соң, осы күнде де көпшілік жиналған жерде, өз заманымызға сай қара өлеңдер туындап, айтыла беретіндігіне ерекше тоқталады.

Қара өлеңді түбегейлі зерттеген А.Сейдімбеков:өзінің болмысымен, орындаушылығымен, халық мәдениетінде алатын орнымен, басқа халықтардың

фольклорында да қара өлеңге ұқсас жанрлардың бар екендігін айтады. Өзінің «Мың бір маржан» атты еңбегінде ол: «...Орыстың «частушкасы», тәжіктің «рубоиы», «ашуласы», өзбектің «қошығы», түріктердің «маниі», жапонның «хоккуы», индонезиялықтардың «пантуны», скандинавиялықтардың «квазурасы» өзіндік дара көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері болғанымен, бұқарашыл өнер ретінде күні бүгінге дейін ел ішінде тоқтаусыз туындап жататындығымен қазақтың қара өлеңіне мейлінше ұқсас» –деп жазады [3, 41].

Қорытындылай келе түйер ойымыз, қара өлең ұлттық фольклорымыздың ең елеулі жауһарының бірі болғандықтан, оның тууы мен қалыптасуы, жанры, лирикасы қазақ ауыз әдебиетін зерттеудегі маңызды мәселердің бірегейі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.Н. Веселовский. Историческая поэтика.– Москва:Высшая школа, 1989.– 408 с.
2. Б.Уахатов. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы.– Алматы: Ғылым,1983. – 157 б.
3. А.Сейдімбеков. Мың бір маржан. – Алматы: Өнер, 1989. – 256 б.
4. З.Ахметов. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
5. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.70. Қара өлең. – Астана: Фолиант, 2011. – 504 б.
6. Ақатай Сәбетқазы. Інжу-Маржан секілді. – Алматы: Өнер, 1995. – 420 б.